

I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР
БОҰЫНША
СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКСЕЛІКТЕРІ

3-сабақ Келісімдік іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімі



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

жариялау
баяндау
мәнін түсінбеу
келісетіндігін сұрау
өтінішхат беру
келісімді қолдау

келісімнің мәнін түсіну
сотталушыны тыңдау
қолдамайтынын анықтау
сотталушыдан жауап алу
қажет екенін анықтау



2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

мәнін

келісетіндігін

өтінішхат

келісімді

келісімнің мәнін

сотталушыны

қолдамайтынын

сотталушыдан

қажет екенін



3. Жұптастырыңыз.

мәнін
келісетіндігін
өтінішхат
келісімді
келісімнің
сотталушыны
қолдамайтынын
сотталушыдан
қажет екенін

анықтау
жауап алу
анықтау
тыңдау
мәнін түсіну
қолдау
беру
сұрау
түсінбеу

Жедел өткен шақ
+ табыс септігі
Емістік + (-ған, -ген, -қан, -кен)
+ табыс септігі
(-ын, -ін, -н)

Мысалы:
моуында + ған + ын
түсін + ген + ін
аит + қан + ын
келіс + кен + ін



3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

моуындау + ған

түсіну

келу

қолдау

анықтау

моуындау + ма + ған

түсіну

келісу

қолдау

келу



5. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

-ын

-ін

жариялаған _____

келіспеген _____

қажет еткен _____

хабарлаған _____

хабарлағысы келген _____

жария еткен _____

келген _____

келісімді қолдаған _____

мәнін түсінген _____



6. Мәтінді оқыңыз.

Төрағалық етуші сот отырысында қарсылық білдірулер мен өтінішхаттарды шешкеннен кейін кінәні мойындау туралы процестік келісімді қараудың басталғаны туралы жариялауды және прокурорға оның мәнін баяндауды ұсынады.

Төрағалық етуші сот отырысында қажет болған жағдайда кінәні мойындау туралы процестік келісімді жасасудың заңда көзделген тәртібін сақтау мәселесі бойынша сотталушыдан жауап алады.

Процестік келісімді қарау аяқталғаннан кейін төрағалық етуші сотталушыдан келісімде көзделген мүлктік өндіріп алу бөлігінде сот актісін өз еркімен орындау үшін оған қандай мерзім қажет екенін сұрайды, бұл ретте оның отбасылық және материалдық жағдайын анықтайды. Сотталушыға да сотқа өтінішхат беру құқығы берілу тиіс.

Сотталушыны тыңдап болған соң, төрағалық етуші кеңесу бөлмесіне кетеді және сот шешімін жария ету уақытын хабарлайды.



7. Үлгінің көмегімен етістіктерді құрыс орналастырыңыз.

Прокурор істің мәнін түсіндіреді

Төрағалық етуші сот отырысында қарсылық білдірулер мен өтінішхаттарды шешкеннен кейін кінәні мойындау туралы процестік келісімді қараудың басталғаны туралы жариялауды/жариялады және прокурорға оның мәнін баяндауды ұсынды/ұсынады.

Төрағалық етуші сот отырысында қажет болған кезде кінәні мойындау туралы процестік келісімді жасасудың заңда көзделген тәртібін сақтау мәселесі бойынша сотталушыдан жауап алды/ жауап алады.

Процестік келісімді қарау аяқталғаннан кейін төрағалық етуші сотталушыдан келісімде көзделген мүлктік өндіріп алу бөлігінде сот актісін өз еркімен орындау үшін оған қандай мерзім қажет екенін анықтайды/ анықтады, бұл ретте оның отбасылық және материалдық жағдайын анықтайды.

Сотталушыға да сотқа өтінішхат беру құқығы берілу тиіс.

Сотталушыны тыңдап болған соң төрағалық етуші кеңесу бөлмесіне кетеді және сот шешімін жария ету уақытын хабарлады/ хабарлайды.



8. Сөйлемдерді қажетті етістіктермен сәйкестендіріңіз.

Төрағалық етуші сот отырысында қажет болған жағдайда кінәні мойындау туралы процестік келісімді жасасудың заңда көзделген тәртібін сақтау мәселесі бойынша сотталушыдан _____

хабарлайды.

Сотталушыны тыңдап болған соң төрағалық етуші кеңесу бөлмесіне кетеді және сот шешімін жария ету уақытын _____

жауап алады.

Процестік келісімді қараудың басталғаны туралы жариялайды және прокурорға оның мәнін баяндауды _____

шешеді.

Төрағалық етуші сот отырысында қарсылық білдірулер мен өтінішхаттарды _____

туіс.

Сотталушыға да сотқа өтінішхат беру құқығы берілуге _____

ұсынады.



9. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

Сотталушы, процестік келісімнің мәнін түсіндіріңіз бе және онымен келісесіз бе?

Түсіндім, келісемін

Процестік келісім сіздің ерік білдіруіңізге сәйкес келе ме?

Сәйкес келеді.

Процестік келісімді жүргізу кезінде барлық құқығыңызбен таныстыңыз ба, процестік келісімді қолдайсыз ба?

Толық таныстым және қолдаймын.

Іс бойынша сотқа өтінішхат бересіз бе?

Жоқ, өтінішхат бермеймін.



11. Туісті сөздерді жазыңыз, сұқбат құрастырыңыз.

процестік _____
 келісімді _____
 түсінгенін _____
 мәнін _____
 сәйкестігін _____
 өтінішхат _____

келмеуінін _____
 процестік келісімді _____
 процестік келісімді _____
 ерік білдіруіне сәйкестігін _____
 сәйкес еместігін _____
 мерзім қажет екенін _____

білу

ауқындау

келісім

беру

тексеру

сұрау

сұрау

қолдау

қарау

анықтау

баяндау

қолдамау